

MINISTRY OF ENERGY
OF THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN



ЖАҒАНДЫҚ ЖАСЫЛ ӨСУ ИНСТИТУТЫ (GGGI)

**МЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ АТЫНАН ӘРЕКЕТ
ЕТЕТІН**

ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ

АРАСЫНДА

**H2G БАСТАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ТАЗА СУТЕГІ МЕН ЖАСЫЛ
ӨСУДІ**

ІЛГЕРІЛЕТУ ТУРАЛЫ ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі (бұдан әрі – «Министрлік») және

2012 жылы оның мүшелері арасында Жаһандық жасыл өсу институтын құру туралы меморандум негізінде құрылған, штаб-пәтері Оңтүстік Корея Республикасының Сеул қаласында орналасқан халықаралық ұйым **Жаһандық жасыл өсу институты** – (бұдан әрі – «GGGI»), бұдан әрі жеке-жеке «Тарап», бірлесіпге «Тараптар» деп аталады,

GGGI-дің негізгі мақсаты экологиялық орнықты және әлеуметтік инклюзивті экономикалық өсуге қол жеткізуге бағытталған даму тәсілі арқылы ең аз дамыған елдерді қоса алғанда, дамушы және өтпелі экономикасы бар елдерде орнықты дамуға жәрдемдесу болып табылатынын **ескере отырып;**

сондай-ақ Министрлік мұнай-газ, мұнай-газ химиясы өнеркәсібі, көмірсутектерді тасымалдау, көмірсутектер бөлігінде жер қойнауын пайдалану, мұнай өнімдерін өндіруді мемлекеттік реттеу, газ және газбен жабдықтау, магистральдық құбыржол, электр энергетикасы, жылу энергиясын өндіру, тасымалдау және өткізу бөлігінде жылу энергетикасы, жаңартылатын энергия көздерін дамыту салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыруды, басқару процесін үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылатынын **ескере отырып;**

Тараптар арасындағы ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл олардың ортақ мақсаттарына қызмет етіп, олардың тиісті қызметін барынша тиімді және пайдалы ететініне **сенімді бола отырып;**

өзара сенім мен қызығушылыққа негізделе отырып, осы H2G бастамасы шеңберінде мыналар туралы Таза сутегі мен жасыл өсуді ілгерілету жөніндегі өзара түсіністік туралы осы меморандумды (бұдан әрі – «Меморандум») жасасты.

1-бап Мақсаттар

1. Осы Меморандумның мақсаты – H2G бастамасына қатысу шеңберінде, сол арқылы 2030 жылға дейінгі Орнықты даму күн тәртібін және 2015 жылғы 12 желтоқсандағы Париж климаттық келісімін қолдауға бірлескен күш-жігерге ықпал ете отырып, бұл ретте олардың салыстырмалы артықшылықтарына сүйене отырып және өзара толықтырулар мен өзара нығайтуды қамтамасыз ете отырып, таза сутегі саласындағы

ынтымақтастықты ілгерілету мақсатында Тараптар арасында ынтымақтастық және өзара іс-қимылға жәрдемдесу болып табылады.

2-бап

Ынтымақтастық салалары

2. Меморандумның 1-тармағында белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін Тараптар мынадай бағыттар бойынша ынтымақтасатын болады:

1) Қазақстан Республикасында таза сутегі және энергетика жөніндегі пилоттық жобаларды іске асыру мәселелерін пысықтаубойынша бірлескен жұмыс;

2) H2G бастамасы шеңберінде Қазақстан Республикасында таза сутегі жөніндегі жобаларды әзірлеу мен ендіруді қолдауда технологияларды беру мен ғылыми-зерттеу ынтымақтастығына жәрдемдесу;

3) таза сутегі бойынша ұлттық және жаһандық күн тәртіптерін әзірлеуде бірлескен техникалық салым беру, сондай-ақ таза сутегі бойынша шешімдерді нарыққа ендіруге және ауқымын кеңейтуге жәрдемдесу;

4) Қазақстанның таза сутегіге көшуін ілгерілету және жасыл өсу мақсаттарына қол жеткізу үшін GGGI, Министрлік және тиісті жергілікті ұйымдар арасында білім алмасуды, желілік өзара іс-қимылды және әлеуетті арттыруды дамыту;

5) таза сутегіні дамытуға және ендіруге баса назар аудара отырып, Тараптардың әрқайсысының ішкі саясаттары мен рәсімдеріне сәйкес GGGI мен Министрлік мезгіл-мезгіл келісуі мүмкін өзге де байланысты іс-шараларды орындау.

3. Осы Меморандум шеңберінде жоғарыда аталған салалардағы, сондай-ақ Тараптар бірлесіп келіскен кез келген қосымша қызмет түрлеріндегі ынтымақтастық пен өзара іс-қимыл әрбір Тараптың тиісті мандаттарына, мақсаттарына, функцияларына, саясаттары мен рәсімдеріне бағынатын болады.

4. Тараптар қызмет көлемін және қаржылық уағдаластықтарды қосымша айқындайтын нақты жобалар бойынша түпкілікті келісімдер жасасуы мүмкін. Мұндай келісімдердің егжей-тегжейлері жекелеген құжаттарда жазылады.

3-бап**Консультациялар және ақпарат алмасу**

5. Тараптар өздерінің бірлескен қызметін жоспарлауды, іске асыруды және олардың нәтижелерін қарау үшін, сондай-ақ ынтымақтастықты тереңдету жөніндегі мүмкіндіктер мен кейінгі іс-шараларды анықтау үшін қажеттілігіне қарай консультациялар өткізетін болады.

6. Тараптар тиімді ынтымақтастық Тараптардың әрқайсысының ақпаратты ашу саясатын сақтай отырып, институционалдық деңгейде ашық, жан-жақты және тұрақты қарым-қатынас пен ақпарат алмасуға байланысты екенін мойындайды.

4-бап**Институционалдық белгілерді растау, пайдалану және жариялау**

6. Тараптар Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Меморандум және онымен байланысты осы Тараптың ақпаратты ашу саясатына сәйкес кез келген Тараптың жұртшылығы үшін ашылуы мүмкін екенін мойындайды.

5-бап**Құпиялылық**

7. Тараптар осы Меморандумға сәйкес екінші Тараптан алынған құпия ақпаратты екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға жария етілмейтініне келісті.

Осы Меморандумның мақсаттары үшін «Құпия ақпарат» ашушы Тарап құпия деп белгілеген кез келген ақпаратты білдіреді.

6-бап**Тұтастық, әдеп, этика, экологиялық және әлеуметтік орнықты практика**

8. Тараптар өздерінің барлық қызметінде адалдықты, әдепті және экологиялық және әлеуметтік орнықтылықты қамтамасыз етуге өздерінің өзара міндеттемелерін мойындайды және Тараптардың кез келгенімен немесе осы Меморандумға байланысты кез келген іс-шаралар шеңберінде жұмыс істейтін барлық персонал, консультанттар, мердігерлер немесе өзге де серіктестер немесе өкілдер жоғары әдеп стандарттардың ұстануға ықпал етеді деп күтеді.

7-бап**Тараптардың мәртебесі**

9. Осы Меморандум Тараптарының әрқайсысы өз атынан қызметін жүзеге асыратын дербес және тәуелсіз заңды тұлға болып табылады.

Меморандум Тараптардың ешқайсысына екінші Тараптың атынан немесе оның мүддесі үшін әрекет ету, сондай-ақ оның атынан тиісті Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз қандай да бір міндеттемелер, келісімдер немесе өзге де заңды маңызды іс-әрекеттер жасасу құқығын бермейді.

10. Әрбір Тарап осы Меморандумды орындауға байланысты өз шығыстарын көтереді.

11. Тараптар бұл Меморандумды жасасу Тараптарды қандай да бір заңды міндеттемелермен байланыстырмайтынына және қаржылық міндеттемелердің туындауына әкеп соқпайтынына жеке келіседі.

8-бап**Меморандумның сипаты**

12. Осы Меморандум оның ережелерін орындамағаны үшін Тараптардың жауапкершілігінің туындауы үшін негіз бола алмайды (Тараптардың ешқайсысы осы Меморандумды орындамауға немесе бұзуға байланысты Тараптардың шеккен залалын, шығындарын қоса алғанда, екінші Тарапқа өтеуге міндетті болмайды).

9-бап**Жауапты тұлғалар**

13. Әрбір Тараптардың әрқайсысы өз ұйымдарының негізгі байланыс тұлғалары болатын мынадай үйлестірушінің тағайындайды. Бұл үйлестірушілер Тараптар арасындағы тұрақты және тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді және бейінді бөлімшелермен тікелей ынтымақтастыққа ықпал ететін болады.

GGGI атынан:

Хаксок Рю

Серіктестік және басқару

жөніндегі директор

Email: hakseok.ryu@gggi.org

Tel: +82 10 9530 0193

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрінің атынан:


Жаңартылатын энергия көздері

департаментінің директоры

Жаслан Қасенов

Email: zh.kassenov@energo.gov.kz

Tel: +7 7172 78-97-33



14. Тағайындалған үйлестіруші өзгерген жағдайда хабарлама екінші Тарапқа кідіріссіз хабарлама жолданады.

10-бап
Басқа ережелер

15. Осы Меморандум Тараптардың соңғы қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және 3 жыл бойы қолданыста болады.

16. Осы Меморандумды түсіндіруден немесе қолданудан туындайтын кез келген даулар Тараптар арасында консультациялар немесе келіссөздер арқылы достық жолмен реттелетін болады.

17. Осы Меморандум 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының мәні бойынша халықаралық шарт болып табылмайды және Тараптар мен олардың мемлекеттері үшін халықаралық құқықпен реттелетін құқықтар мен міндеттемелер туындатпайды.

Сеул қаласында қаласында 2025 жылғы 15 қазанда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде үш түпнұсқада рәсімделді. Мәтіндер арасында алшақтық болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін басымдыққа ие.

Күні: 2025 жылғы 15 қазан

Күні: 2025 жылғы 15 қазан

**Жаһандық жасыл өсу институты
атынан**

**Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі атынан**

Санг-Хёп Ким
Бас директор

Ілияс Бақытжан
Вице-министр